

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2024 жылғы 25 желтоқсандағы № ДЗ-427

Құрметті депутаттар!

Еліміздің кадрлық әлеуетін нығайтудағы орта білімнің рөлі туралы депутаттық сауалды қарастырып, мынаны хабарлаймыз.

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптары деңгейінде, оның ішінде мүдделі жұмыс берушілерді тарта отырып, мамандандырылған оқу-өндірістік комбинаттарды (бұдан әрі – ОӨК) құру үшін республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөле отырып, бастапқы кәсіптік біліктілікті алу тетігін енгізу туралы

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру шеңберінде жоғары сыныптағы білім алушыларды мектеп деңгейінде бастапқы кәсіптік біліктілікті алу бойынша шаралар қабылдану үстінде.

Бүгінгі таңда 8 өңірде (Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары және Жетісу облысы) 17 ОӨК жұмыс істейді, олардың желісі жергілікті бюджет қаражаты есебінен дамуда.

Сондай - ақ, жоғары сынып оқушыларына бастапқы кәсіптік біліктілігін берудің тиімді тетіктерін іріктеу және енгізу үшін 2023-2024 оқу жылында жоғары сынып оқушыларының колледждер базасында оқытуды ұйымдастыру жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда (2051 оқушы, алғашқы бітірушілер 2025 жылдың ақпанына жоспарланған).

Осы мақсатта ауылдық жерлерлерде орналасқан білім беру ұйымдары үшін қысқа мерзімді курстық даярлықты (тамақтандыруды, дәнекерлеу ісі, электр жабдықтауды ұйымдастыру, есепке алу, аудит және т.б.) өткізу бойынша мобильді оқу орталықтары жұмыс жасайды, курстың соңында білім алушыларға біліктілік беру туралы куәлік беріледі.

Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарының жылы шеңберінде 2025 жылы колледждердің қатысуымен (мысалы, Ақпараттық технологиялар, дизайн, Агротехнология және т.б. салаларда) «One School One Skill» (бір мектеп – бір дағды) жобасы іске асырылатын болады.

Тұжырымдаманы іске асыру үшін Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – ОМ) жанындағы Жұмыс тобы жоғары сынып оқушылары үшін бастапқы кәсіптік біліктілікті (микроквалификацияны) беру жөніндегі Мемлекеттік жалпыға

міндетті орта білім беру стандартына (бұдан әрі - МЖМБС) түзетулерді қарастыру үстінде.

Осылайша, жоғары сынып оқушыларының бастапқы кәсіптік біліктілікті алудың әртүрлі тетіктері жүзеге асырылуда.

Жалпы білім беретін мектеп шеңберінде ОМ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕХӘҚМ), «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасына (бұдан әрі – «Атамекен» ҰКП) (оның ішінде бастапқы кәсіптік біліктілікті алу туралы құжаттардың үлгісін әзірлеу бойынша) бастапқы кәсіптік даярлау жөніндегі функцияны бекіту туралы

«Білім туралы», «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы», «Кәсіптік біліктілік туралы» заңдарға, Еңбек кодексіне сәйкес кадрларды даярлау, қайта даярлау, кәсіптік біліктілікті тану мәселелері бойынша ОМ, ЕХӘҚМ, «Атамекен» ҰКП функциялары көзделген.

Сондай-ақ, МЖМБС, үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту (кәсіптік даярлықтың мазмұнын айқындайтын) «Атамекен» ҰКП келісімі бойынша ОМ функцияларына кіреді.

Жалпы, білім туралы құжаттарды тануды қамтамасыз ету үшін (кадрларға қажеттілікті айқындау, кәсіптік стандарттарды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, кәсіптік практиканы, аралық және қорытынды аттестаттауды және т.б. өткізу) заңнамада жұмыс берушілердің кадрлар даярлаудың барлық кезеңдеріне қатысуы көзделген. Айталық, колледждердің біліктілік комиссияларының құрамына жұмыс берушілер өкілдерінің кемінде 60% қамтылған.

Бұдан басқа, «Атамекен» ҰКП кәсіптік біліктілікті тану туралы тиісті құжат беретін біліктілікті тану орталықтарының аккредиттеуден өткізеді¹. Тиісінше, жұмыс берушілердің салалық қауымдастықтары, оның ішінде аграрлық-өнеркәсіптік кешен саласында белгіленген үлгідегі құжаттарды бере отырып, біліктілікті тану орталықтарын құра алады.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында колледждердің білім беру бағдарламаларының халықаралық салалық немесе кәсіптік талаптарға сәйкестігін тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу жұмысы жүргізілуде.

Осы мақсатта, заңнамаға тиісті түзетулер әзірленуде және барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді, олар белгіленген тәртіппен Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Осылайша, заңнамада ОМ, ЕХӘҚМ, «Атамекен» ҰКП-ның тиісті құзыреттері мен функциялары көзделген.

Көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Т. Дүйсенова

Курнебаев М., тел.: 745-049

¹ ЕХӘҚМ 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 «Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларын айқындау туралы» бұйрығымен бекітілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-427 от 25 декабря 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос о роли среднего образования в укреплении кадрового потенциала страны, сообщаем следующее.

О внедрении механизма получения первичной профессиональной квалификации на уровне старшей общеобразовательной школы, в том числе с привлечением заинтересованных работодателей, выделением из республиканского бюджета финансовых средств для создания специализированных учебно-производственных комбинатов (далее – УПК)

В рамках реализации Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023 – 2029 годы (далее – Концепция) принимаются меры по получению первичной профессиональной квалификации на уровне старшей школы.

На сегодняшний день действует 17 УПК в 8 регионах (Акмолинская, Алматинская, Карагандинская, Костанайская, Кызылординская, Павлодарская, Туркестанская области и область Жетісу), сеть которых развивается за счет средств местных бюджетов.

Также для отбора и внедрения эффективных механизмов предоставления старшеклассникам первой рабочей квалификации в 2023 - 2024 учебном году реализуется пилот с обучением на базе колледжей учащихся старших классов (2051 учащихся, первый выпуск запланирован на февраль 2025 года).

С этой же целью в регионах действуют передвижные мобильные учебные центры по проведению краткосрочной курсовой подготовки (по организации питания, сварочному делу, электрооборудованию, учету и аудиту и др.) для лиц проживающих в сельских районах, после ее завершения выдается свидетельство о присвоении квалификации.

Наряду с этим, в рамках Года рабочих профессий будет реализован проект «One School One Skill» (одна школа – один навык) с участием колледжей (например, в сферах информационных технологий, дизайна, агротехнологии и т.д.).

В реализацию Концепции рабочей группой при Министерстве просвещения (далее - МП) рассматриваются поправки в государственный общеобязательный стандарт среднего образования (далее - ГОСО) по присвоению первичной профессиональной квалификации (микроквалификации) для

обучающихся старших классов.

Таким образом, реализуются различные механизмы получения старшекласниками первой рабочей квалификации.

О закреплении функции по первичной профессиональной подготовке в рамках общеобразовательной школы за МП, Министерства труда и социальной защиты населения (далее – МТСЗН), Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» (далее – НПП «Атамекен») (в том числе по разработке образца документов о получении первичной профессии)

В соответствии с законами «Об образовании», «О Национальной палате предпринимателей «Атамекен», «О профессиональных квалификациях», Трудовым кодексом предусмотрены функции МП, МТСЗН, НПП «Атамекен» по вопросам подготовки, переподготовки кадров, признания профессиональных квалификаций.

Также разработка и утверждение ГОСО, типовых учебных программ (*определяющие содержание профессиональной подготовки*) входят в функции МП, по согласованию с НПП «Атамекен».

В целом, для обеспечения признания документов об образовании законодательством предусмотрено участие работодателей на всех этапах подготовки кадров (*определение потребности в кадрах, разработка профессиональных стандартов, образовательных программ, проведение профессиональной практики, промежуточной и итоговой аттестации и т.д.*). Так, в состав квалификационной комиссии колледжей входят не менее 60 % представителей работодателей.

Кроме того, НПП «Атамекен» проводит аккредитацию центров признания квалификации, выдающих соответствующий документ о признании профессиональной квалификации¹. Соответственно, отраслевые ассоциации работодателей, в том числе в сфере аграрно-промышленного комплекса, могут создавать центры признания квалификации с выдачей документов установленного образца.

В настоящее время в реализацию Послания Главы государства от 2 сентября 2024 года проводится работа по внедрению системы независимой оценки соответствия образовательных программ колледжей международным отраслевым или профессиональным требованиям.

С этой целью разработаны и согласованы со всем заинтересованными государственными органами соответствующие поправки в законодательство, которые будут в установленном порядке внесены в Мажилис Парламента.

Таким образом, законодательством предусмотрены соответствующие компетенции и функции МП, МТСЗН, НПП «Атамекен».

Работа по указанным направлениям продолжается и находится на контроле Правительства.

Т. Дуйсенова

М. Курпебаев тел.: 745-049

¹ Утверждены приказом МТСЗН от 6 сентября 2023 года № 374 «Об определении правил признания профессиональных квалификаций».